

Аннотация

Магистрлік диссертацияда есептік қосымшаларды қолдану арқылы "АлЭС" АҚ ЖЭО-2 сығымдағыштарына жиіліктік-реттелетін жетекті енгізу бойынша іс-шаралар әзірленді. Сорғылардың, тартқыш механизмдер мен компрессорлардың 5 жыл ішіндегі жағдайына талдау жүргізілді. Бастапқы ауа желдеткіштері үшін ЖРЖ қолданумен түрік тәжірибесі қарастырылды. ЖЭО-2 сорғылары, түтін сорғыштары және компрессоры, сондай-ақ олардың өтелімділігі мен шығарындыларының мөлшерін есептеу EneSaveCalc, WEG Energy Saving Estimator және ABB EnergySave Calculator сияқты қосымшаларда орындалған. Parker Energy Saving Calculator көмегімен ВПЗ-20/8 компрессоры үшін пульсацияны сөндіру сүзгісін қолдану нұсқасы ұсынылған. ЖЭО циркуляциялық сорғысының шағын моделін жасау үшін Crawl роботын толық жабдықтау идеясы ұсынылды.